

## **Педагог қызметкерінің бос орнына конкурс жарияланады**

Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің «Эстетикалық бағыттағы гимназиясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, мекен-жайы: ҚР, БҚО, Орал қаласы, Самал көшесі, 74, байланыс телефоны ж.т. 24-05-10, 87771802952, электрондық пошта: [shgen\\_uralsk@mail.kz](mailto:shgen_uralsk@mail.kz) педагог бос орын лауазымына конкурс жариялайды:

1. Көркем еңбек пәні мұғалімі (ұлдар тобына, орыс сыныптарында) — 1 бірлік.
2. Тарих пәні мұғалімі (орыс сыныптарында) — 1 бірлік.
3. Биология пәні мұғалімі (орыс сыныптарында) — 1 бірлік, (негізгі қызметкердің бала күтіміне байланысты демалысы кезеңіне, 2027 жылғы 01.09. дейін)
4. Химия пәні мұғалімі (орыс сыныптарында) — 1 бірлік.

### **Лауазымдық міндеттері:**

#### **Педагогтарға:**

- мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес оқытылатын пәннің ерекшелігіне сәйкес оқытырып, білім алушылардың оқу тәрбиеленуін жүзеге асырады;
- білім алушы мен тәрбиеленуші тұлғасының жалпы мәдениетін қалыптастыруға және оны әлеуметтендіруге ықпал етеді, білім алушылардың жеке қабілеттерін анықтайды және дамытуға жәрдемдеседі;
- білім алушыда педагогқа құрметпен қарауға тәрбиелейді, педагогтың атымен әкесінің аты бойынша сыпайы қарым-қатынас немесе «учитель/мұғалім» тікелей қарым-қатынас арқылы қарым-қатынастың іскерлік стилі мен сөйлеу этикетін сақтауға үйретеді;
- білім алушылардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, оқу тәрбиеленуін жаңа тәсілдерін, тиімді нысандарын, әдістерін мен құралдарын қолданады;
- пәндер бойынша қысқа мерзімді және орта мерзімді (күнтізбелік-тақырыптық) жоспарлар, бөлім үшін жиынтық бағалау және тоқсан үшін жиынтық бағалау үшін тапсырмалар жасайды;
- бөлім бойынша жиынтық бағалауды және тоқсан бойынша жиынтық бағалауды өткізу қорытындысы бойынша талдау жүргізеді;
- журналдарды (қағаз немесе электрондық) толтырады;
- оқу үрдісінде заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданады;
- оқу процесінде қарапайым бағдарламалық қамтамасыз етуді және ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қосымшаларын пайдаланады;
- білім алушылармен тәрбиеленушілердің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында көзделген деңгейден төмен емес тұлғалық, Жүйелік-қызметтік, пәндік нәтижелерге қолжеткізуін қамтамасыз етеді;
- оқу бағдарламаларын, оның ішінде ерекше білім беруіне қажеттілігі бар білім алушыларға арналған бағдарламаларды әзірлеуге және орындауға қатысады, оқу жоспарына және оқу процесінің кестесіне сәйкес олардың толық көлемде іске асырылуын қамтамасыз етеді;
- білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жеке қабілеттерін, қызығушылықтарын және бейімділіктерін зерделейді;
- инклюзивті білім беру үшін жағдай жасайды;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушының жеке қажеттіліктерін ескере отырып, оқу бағдарламаларын бейімдейді;
- арнайы білім беру ұйымдарында оқытылатын пәннің ерекшелігін ескере отырып, даму дағды ауытқуларды барынша еңсеруге бағытталған білім алушылардың, тәрбиеленушілердің оқыту және тәрбиелеу бойынша жұмысты жүзеге асырады;
- интерактивті оқу материалдары мен цифрлық білім беру ресурстарын пайдалана отырып, қашықтықтан оқыту режимінде сабақтар ұйымдастырады;

-әдістемелік бірлестіктердің, мұғалімдер қауымдастығының, әдістемелік, педагогикалық кеңестердің, желілік қоғамдастықтардың отырыстарына қатысады;  
-ата-аналарға арналған педагогикалық консилиумдарға қатысады; ата-аналарға кеңес береді;  
-кәсіби құзыреттілікті арттырады;  
-еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсықорғау қағидаларын сақтайды;  
-білім беру процесі кезеңінде білім алушылардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз етеді;  
-ата-аналармен немесе олардың орнындағы адамдармен ынтымақтастықты жүзеге асырады;  
-тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен құжаттарды толтырады;  
-білім алушылармен тәрбиеленушілер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, Академиялық адалдық қағидаттарын бойына сіңіреді.

**Лауазымдық жалақы мөлшері мен шарттары** – 145 115 тенге, жұмыскерге Кодекс пен заңнамада белгіленген тәртіп, көлемі және мерзімімен өтемақы төлемдері жүргізіледі

**Біліктілікке қойылатын талаптар:**

**Педагог:**

-тиісті бейін бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі педагогикалық білім немесе тиісті бейін бойынша өзге де кәсіптік білім немесе жұмыс стажына талап қоймастан, педагогикалық қайта даярлығын растайтын құжат немесе біліктіліктің орташа деңгейіне жататын ХІ педагогикалық сыныбы бар 1995 жылға дейін орта мектепті бітіргені туралы құжат;  
-және (немесе) біліктілігінің жоғары және орта деңгейі болған кезде педагогикалық жұмыс өтілі: педагог-модератор үшін-кемінде 2 жыл; педагог-сарапшы үшін-кемінде 3 жыл; педагог-зерттеуші үшін-кемінде 4 жыл;  
-және (немесе) біліктілігінің жоғары деңгейі болған жағдайда педагог-шебер үшін педагогикалық жұмыс өтілі – 5 жыл.

**Құжаттарды қабылдау мерзімі:** 2026 жылдың 24 тамыздан бастап 2026 жылдың 1 қыркүйекті қоса алғанға дейін (7 жұмыс күн).

Дүйсенбі – жұма күндері (қоса алғанда) сағат 09.00-ден-18.00-ге дейін.

Түскі үзіліс: 13.00-ден-14.00-ге дейін.

Конкурс 09.09.2026 ж.сағат 10.00-де өтеді.

**Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлға хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдау мерзімінде мынадай құжаттарды қағаз түрінде жолдайды:**

- 1) нысан бойынша қоса берілетін 3-қосымшаға құжаттардың тізбесін көрсете отырып, конкурсқа қатысу туралы өтініш ;
- 2) жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);
- 3) кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке іс парағы (нақты тұрғылықты мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген – бар болса);
- 4) Үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
- 5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса);
- 6) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 (Нормативтік құқықтық актілерді бұйырығымен мемлекеттік тіркеу(

тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген 075/у нысаны бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама;

7) психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары бар аурудың динамикалық бақылауда жоқтығы туралы анықтама;

8) наркологиялық аурудың динамикалық бақылауда жоқтығы туралы анықтама;

9) сертификаттаудан өту нәтижелері туралы сертификат немесе қолданыстағы біліктілік санатының болуы туралы куәлік (бар болса);

10) нысан бойынша педагогтің бос 12, 13-қосымшаларға немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың толтырылған бағалау парағы;

11) жұмыс орнынан (педагог лауазымы бойынша), оқу орнынан ұсыным хат.

**Құжаттар топтамасы толық ұсынылмаса, кандидаттың конкурсқа қатысу үшін берген құжаттарын қабылдаудан бас тартылады.**